



**№ 3 (39)
2015**

Меншік несі және баспагер:

«Қазақстан Республикасының
Заңнама институты» ММ

2006 жылдан бастап шығады

Журналдың материалдары
www.iz.adilet.gov.kz сайтында
орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша
диссертациялардың негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес:

Б.М. Имашев (Төраға)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смағұлов
И.Ш. Борчашвили

Редакциялық алқа:

Н.М. Әбдіров
З.С. Байниязова (Саратов қ., РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дүйсенов
А.Д. Жүсіпов
Д.Ж. Игембаев
А.Қ. Қанатов
Т.Е. Қауыров
В.Т. Қоныс
Ж.О. Құлжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сағидан
Ә.Г. Сақтағанов
Т.С. Сафарова
М.А. Сәрсембаев

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.

Мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ.,
Орынбор к., 8 үй
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Қазақстан Республикасы Заңнама Институтының Жаршысы

ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

«Конституция: халықтың бірлігі, тұрақтылық, көркею» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға Қазақстан Республикасы Әділет Министрі Б. ИМАШЕВТЫҢ баяндамасы, Астана қаласы, 2015 жылғы 28 тамыз.....	7
Р.Т. НҰРТАЕВ Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзекті мәселелері.....	13
М.А. СӘРСЕМБАЕВ Отбасы құқығы мәселелері бойынша Еуропалық конвенциялар: Қазақстан көзқарасы	21
Конституциялық және әкімшілік құқық	28
А.С. ҚОСЖАНОВ Нарықтық жағдайдағы құқықтық мемлекеттің экономикалық бағыттары.....	28
Г.Б. ҚАРЖАСОВА Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты	31
Л.Т. НАЗАРҚҰЛОВА Заң шығару технологиясы нормативтік құқықтық актілердің сапасын арттырудағы маңызды шарт ретінде: проблеманың қойылуы.....	34
А.С. АХМЕТОВ Құқықтық нигилизм туралы мәселесіне.....	40
А.А. ІДІРІСОВ Конституцияның іргелі құндылықтары.....	45
Д.Х. ПЕРНЕЕВ Мемлекеттік қаржылық бақылаудан мемлекеттік аудитке көшу мәселесі бойынша шетелдік тәжірибе	50
Азаматтық, азаматтық іс жүргізу құқығы	55
Л.К. ЕРКІНБАЕВА Energy law of the Republic of Kazakhstan: problems and perspectives (Қазақстан Республикасының энергетикалық заңдары: проблемалары мен перспективалары)	55
Н.Ш. ШЕРІМОВА Қазақстандағы су ресурстарының жағдайы мен және құқықтық реттелуінің кейбір мәселелері.....	62
Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу	67
М.Д. ҚАРАЖАНОВ, А.К. ҚАНАТОВ Абай Құнанбайұлының «Қармола ережесіндегі» қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасының негіздері – қазіргі жаңа қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасын жетілдіру шарты ретінде	67
К.Е. ИСМАҒҰЛОВ Азаматтық қоғам институттарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі.....	72

О.Б. ФИЛИПЕЦ Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы бойынша кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жазалар жүйесін жетілдірудің кейбір мәселелері 76

Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану 81

Қ.С. МӘУЛЕНОВ Bilateral investment treaties Republic of Kazakhstan with foreign states (Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен екі жақты инвестициялық шарттары) ... 81

А.Ж. САҒИДАН Еуразиялық экономикалық одақтың халықаралық шарттар жобалары мен шешімдерінің сараптамасын жүргізу қажеттілігі мәселесіне 89

Ж.И. ИБРАГИМОВ Еуропалық Одақ тәжірибесі ауқымында нормативтік құқықтық актілерге сараптама жүргізудің жалпы тәсілдері..... 93

Ж.К. ОРЫНТАЕВ Legal Regulation of Waste Treatment in Kazakhstan and Russia (Қазақстан мен Ресейде қалдықтарды қайта өңдеуді құқықтық реттеу)..... 99

Құқықтық мониторинг 103

Е.З. БЕКБАЕВ Құқықтық мониторинг нормативтік құқықтық актілердің заңдылығын қамтамасыз ету шарасы ретінде..... 103

З.Г. ҚАЗИЕВ, С.Б. АЙСИН Құқықтық мониторинг барысында нормативтік құқықтық актінің және құқықты қолданудың тиімділігін анықтау (әдіснамалық және қолданбалы аспектілер) 109

А.Ғ. ҚАЗБАЕВА Нормативтік құқықтық актілердің қоғамдық мониторингі туралы мәселеге 116

Е.М. ЕЛУБАЙ, А.Қ. ҚАНАТОВ Жекелеген алдын алу нормаларының сипаттамасына (ҚК-ның жаңашылдықтарын мониторингілеу) 120

Мемлекеттік тілде заң шығару тәжірибесінен 125

ПРИМАШЕВ Н.М. Конституциялық заңнама лексикасы: салыстырмалы контент-талдау..... 125

АҚЫЛБЕКОВА Г.К. Азаматтық заңнама: қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің тең түпнұсқалылығы мәселелері 129

Шетелдік тәжірибе 133

Э.Н. НАГОРНАЯ, Т.Н. ЗАЦЕПИНА (Минск қ.) Сот актілерін орындау кезінде ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің келісімдері мен ұлттық заңнама арақатынасының маңызы (ТМД Экономикалық Сотының құқық қолдану практикасының мысалдарында) (жалғасы) 133

И.Э. МАРТЫНЕНКО (Беларусь Республикасы, Гродно қ.) Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының кедендік шекарасы арқылы мәдени құндылықтарды заңсыз өткізу үшін қылмыстық жауаптылық ерекшеліктері 138

В.А. НОВИКОВ (Мәскеу қ.) Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша жеке өмірге қол сұқпаушылықты бұзғаны үшін қылмыстық жауаптылық 145

Т.В. РОГОЖКИНА (Минск қ.) Беларусь Республикасында қоршаған орта сапасы нормативтерін жіктеу туралы..... 150

Р.А. КАЗАК (Украина, Харьков қ.) 1992 жылғы Биологиялық әр алуандылық туралы конвенцияны қабылдау мәселесіне: тарихи-құқықтық аспект 155

Жас ғалым мінбері 162

Р.Қ. ҚАНАТОВ Бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарты мәнінің ерекшеліктері..... 162

Н.Н. ОМАРОВА Мемлекеттік органдардың құқықтық мониторинг жүргізудегі жауапкершілігі туралы..... 168

Т.Р. БОТАНБАЕВ Қазақстанда сыбайлас жемқорлықтың туындау тарихына қатысты кейбір мәселелер..... 171

С.О. БОРОВИКОВ Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің халықаралық шарттар әзірлеу тәжірибесі 176

И.Е. АҚАТОВ Борыштар мұрагерлігі туралы мәселеге 182

<i>Ақпараттық хабарламалар</i>	188
V Петербург халықаралық заң форумы жұмысына шолу, Ресей, Санкт-Петербург қ., 188 2015 жылғы 27-30 мамыр.....	
<i>Даналық ойлар</i>	206



**№ (39)
2015**

Собственник и издатель:
ГУ «Институт законодательства
Республики Казахстан»

Издается с 2006 года
Все материалы журнала
размещаются на сайте
www.iz.adilet.gov.kz

Включен в перечень изданий
для публикации основных
научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Редакционный совет:
Б.М. Имашев (Председатель)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смагулов
И.Ш. Борчасвили

Редакционная коллегия:
Н.М. Абдиров
З.С. Байниязова (г. Саратов, РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дюсенов
А.Д. Жусупов
Д.Ж. Игембаев
А.К. Канатов
Т.Е. Каудыров
В.Т. Конусова
Ж.О. Кулжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сагидан
А.Г. Сактаганов
М.А. Сарсембаев
Т.С. Сафарова

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 11219-Ж
от 15.11.2010 г. Комитета информации
и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан

Адрес:
Республика Казахстан,
010000, г. Астана,
ул. Орынбор, д. 8,
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Вестник *Института* *Законодательства* *Республики Казахстан* **научно-правовой журнал**

СОДЕРЖАНИЕ

Выступление Министра юстиции Республики Казахстан Б.М. ИМАШЕВА на международной научно-практической конференции «Конституция: единство народа, стабильность, процветание», г. Астана, 28 августа 2015 года.....	7
Р.Т. НУРТАЕВ Актуальные проблемы дальнейшего противодействия коррупции в Казахстане.....	13
М.А. САРСЕМБАЕВ Европейские конвенции по вопросам семейного права: взгляд из Казахстана.....	21
<i>Конституционное и административное право</i>	<i>28</i>
А.С. КОСЖАНОВ Экономические направления правового государства в рыночных условиях.....	28
Г.Б. ҚАРЖАСОВА Институт уполномоченного по правам человека.....	31
Л.Т. НАЗАРКУЛОВА Правотворческая технология как важнейшее условие повышения качества правовых актов: постановка проблемы.....	34
А.С. АХМЕТОВ К вопросу о правовом нигилизме.....	40
А.А. ИДРИСОВ Фундаментальные ценности конституции...	45
Д.Х. ПЕРНЕЕВ Зарубежный опыт по вопросу перехода от государственного финансового контроля к государственному аудиту.....	50
<i>Гражданское и гражданско-процессуальное право</i>	<i>55</i>
Л.К. ЕРКИНБАЕВА Energy law of the Republic of Kazakhstan: problems and perspectives (Энергетические законы Респу- блики Казахстан: проблемы и перспективы).....	55
Н.Ш. ШЕРИМОВА Некоторые вопросы состояния и правового регулирования водных ресурсов в Казахстане.....	62
<i>Уголовное право и уголовный процесс</i>	<i>67</i>
М.Д. КАРАЖАНОВ, А.К. КАНАТОВ Основы уголовного и уголовно-процессуального законодательства в «Положении Карамола» Абая Кунанбаева - как условие совершенство- вания нового уголовного и уголовно-процессуального законодательства.....	67
К.Е. ИСМАГУЛОВ Антикоррупционная деятельность институтов гражданского общества.....	72

О.Б. ФИЛИПЕЦ Некоторые вопросы совершенствования системы и видов наказаний в отношении несовершеннолетних по уголовному законодательству Республики Казахстан...	76
Международное право и сравнительное правоведение	81
К.С. МАУЛЕНОВ Bilateral investment treaties Republic of Kazakhstan with foreign states (Двусторонние инвестиционные договоры Республики Казахстан с зарубежными государствами).....	81
А.Ж. САГИДАН К вопросу о необходимости проведения экспертизы проектов международных договоров и решений Евразийского экономического союза.....	89
Ж.И. ИБРАГИМОВ Общие подходы проведения экспертизы нормативных правовых актов в рамках опыта Европейского Союза.....	93
Ж.К. ОРЫНТАЕВ Legal Regulation of Waste Treatment in Kazakhstan and Russia (Правовое регулирование обращения с отходами в Казахстане и России).....	99
Правовой мониторинг	103
Е.З. БЕКБАЕВ Правовой мониторинг как мера обеспечения законности нормативных правовых актов.....	103
З.Г. КАЗИЕВ, С.Б. АЙСИН Определение эффективности нормативного правового акта и правоприменения в ходе правового мониторинга (методологические и прикладные аспекты)	109
А.Г. КАЗБАЕВА К вопросу об общественном мониторинге нормативных правовых актов...	116
Е.М. ЕЛУБАЙ, А.К. КАНАТОВ К характеристике отдельных превентивных норм (мониторинг нововведений УК)	120
Из практики законодательства на государственном языке	125
ПРИМАШЕВ Н.М. Лексика конституционного законодательства: сравнительный контент-анализ.....	125
АКЫЛБЕКОВА Г.К. Гражданское законодательство: проблемы аутентичности текстов на казахском и русском языках.....	129
Зарубежный опыт	133
Э.Н. НАГОРНАЯ, Т.Н. ЗАЦЕПИНА (г. Минск) Значение соотношения соглашений государств-участников СНГ и национального законодательства при исполнении судебных актов (на примерах правоприменительной практики Экономического Суда СНГ) (продолжение).....	133
И.Э. МАРТЫНЕНКО (Гродно, Республика Беларусь) Особенности уголовной ответственности за нелегальное перемещение культурных ценностей через таможенную границу Республики Беларусь, Республики Казахстан и Российской Федерации.....	138
В.А. НОВИКОВ (г. Москва) Уголовная ответственность за нарушение неприкосновенности частной жизни по законодательству Российской Федерации и Республики Казахстан.....	145
Т.В. РОГОЖКИНА (г. Минск) О классификации нормативов качества окружающей среды в Республике Беларусь.....	150
Р.А. КАЗАК (г. Харьков, Украина) К вопросу о принятии Конвенции о биологическом разнообразии 1992 г.: историко-правовой аспект.....	155
Трибуна молодого ученого	162
Р.К. КАНАТОВ Особенности предмета договора купли-продажи ценных бумаг.....	162
Н.Н. ОМАРОВА Об ответственности государственных органов в проведении правового мониторинга.....	168
Т.Р. БУТАНБАЕВ Некоторые вопросы об истории возникновения коррупции в Казахстане	171
С.О. БОРОВИКОВ Опыт подготовки международных договоров государств-членов Евразийского экономического союза.....	176
И.Е. АКАТОВ К вопросу о наследовании долгов.....	182

<i>Информационные сообщения</i>	188
Обзор работы V Петербургского международного юридического форума 27-30 мая 2015 года, г. Санкт-Петербург, Россия.....	188
<i>Мудрые мысли</i>	206



Ибрагимов Жамаладен Ибрагимұлы,
*ҚР Заңнама институты халықаралық заңнама
және салыстырмалы құқықтану бөлімінің
жетекші ғылыми қызметкері, т.ғ.к., доцент*

ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ ТӘЖІРИБЕСІ АУҚЫМЫНДА НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРГЕ САРАПТАМА ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ТӘСІЛДЕРІ

Көптеген Еуропа елдерінде құқықтық актілердің жобаларын сыбайлас жемқорлыққа қатысты бағалаудың тәртібі мен ережесі парламенттердің ережелерінде, үкіметтің қаулыларында, құқық қорғау органдарының актілерінде реттелмейді. Кейбір мемлекеттердің (Испания, Португалия, Польша) Ережелерінде құқықтық сараптама мүмкіндігі туралы айтылады. Польша Сеймінің Ережесінің 34 бабының 3 бөлімінде жобаны сараптамаға жіберу мүмкіндігі аталаып, егерде түсіндірме жазбада ондай көрсетілмесе жобаны дайындау кезеңінде Сейм қарауына жіберіледі. Осы сараптама шеңберінде жобаның толық немесе жартылай сыбайлас жемқорлыққа қатыстылығы бағалануы мүмкін [1, 3].

Осы айтылған ұстанымды Еуропалық Кеңес сарапшысы Саймонд Годдардың (Ұлыбритания) айтқан пікірі қуаттайды: «В Великобритании ничего подобного не существует, нет ничего такого, о чем Вы рассказывали в области оценки рисков при разработке законодательства. Скажу так: даже названия такого нет. Но все же существуют процессы, которые, как мы надеемся, и нам помогают идентифицировать риски коррупции» [2, 78].

Бұл айтылған жағдай нормативтік құқықтық актілер мен олардың жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қатысты сараптау жемқорлықтың жоғары деңгейі қалыптасқан елдерде оны жою немесе пайда болуының алғышарттарының алдын алу үшін жүргізілетінін көрсетеді.

Нормативтік құқықтық актілер мен олардың жобаларына жүргізілетін сараптамалардың ішінде құқықтық сараптама құқық шығармашылығының үздіксіз және міндетті элементі ретінде ең басты рөлге ие болып, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қарастыру және одан әрі қабылдауда бірге

жүргізіліп отырады. Көптеген ғалымдар құқық шығармашылығында құқықтық сараптаманың орыны мен ролін оң бағалайды [3, 7].

Біздің ойымызша қазіргі кезде құқықтық сараптама институтын Қазақстан Республикасы құқық шығармашылығы субъектілерінің қызметіне енгізуді, құқық дайындаудың және нақты құқық шығармашылығын жетілдіру, қабылдаған нормативтік құқықтық актілердің сапасы мен тиімділігін көтерудің тетігі деп білу қажет.

Осы орайда нормативтік құқықтық актілердің жобаларына кәсіби баға берудегі негізгі сараптама ретінде құқықтық сараптама өткізудің халықаралық тәжірибесі аса көңіл аударуды қажет етеді. Атап айтсақ Германияда федералды әділет министрлігі жүргізетін нормативтік құқықтық актілеріне құқықтық сараптама методикасына сәйкес мыналар орындалады: 1) ұсынылған жобаның қажеттілігін тексеру; 2) жобалардың қолданыстағы құқыққа және олардың бірыңғай рәсімделуіне сәйкестігін тексеру; 3) ұсынылған жобаның конституцияға сәйкестігін тексеру; 4) ұсынылған жобаның Еуропа қауымдастығы құқықымен сәйкестігін тексеру; 5) Тиісті нормалардың жіберілетін тараптарға түсініктілігін айқындау. Жүргізілген сараптама қорытындысы бойынша қолданыстағы құқыққа және олардың бірыңғай рәсімделуіне сәйкестігі туралы куәлік беріледі.

Құқық шығармашылығының ең негізгі эмпирикалық мәселесі ретінде, заң жобаларына құқықтық сараптама жүргізу туралы Қазақстан Республикасы Парламент Палаталарының Ережесінің әлі де бекітілмеуі. Бүгінгі таңда заң жобаларына құқықтық сараптама заңнаманың негізгі салалары бойынша жүргізіледі. Атқарушы билік органдары деңгейінде нормативтік құқықтық актілерінің жобаларына құқықтық

сараптама жүргізудің тәртібі «Нормативтік құқықтық актілер туралы», «Халықаралық шарттар туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілген.

Нормативтік құқықтық актілерінің жобаларына құқықтық сараптама жүргізуді ұйымдастыру туралы Канаданың тәжірибесінен де үлгі алуға болады. Канадада құқықтық қызмет көрсетудің монополиялық үлгісі қолданылып, құқықтық қызмет көрсетудің барлық бағыттары әділет министрлігі тарапынан беріледі. Мұнда арнайы құрылған комиссия ведомстволық құқықтық қызметті ұйымдастыру жүйесін тиімсіз деп санап, өздерінің жұмыс берушісі ретінде министрліктерінің алдында міндеттемелері болғандықтан, аз ғана заңгерлердің тобы толыққанды тәуелсіздікке ие болған жоқ деген қорытындыға келді. Енді Канадада құқықтық құжаттарға құқықтық сараптама жүргізуге қатысушы заңгерлер әділет министрлігінде нақты жұмыс істеп, қызмет алушы-министрліктер және Канаданың көптеген ірі қалаларында, территориялық органдарында олар іс-сапарға жіберілген қызметкерлер ретінде, федералды министрліктер шенеуніктеріне құқықтық қызмет көрсетіп, Үкіметтің кеңесешілері мен сарапшылары ретінде қызмет атқарады [4, 17].

Біздің ойымызша барлық мемлекеттік құқықтық қызметтердің бірігу тәжірибесі де өте пайдалы. Өйткені, біріншіден құқықтық бөлімдердің қызметкерлері өздері қызмет атқаратын министрлік, қызмет, агенттік жетекшілерінен тәуелсіз болады, екіншіден 2500-3000 сарапшыдан тұратын ұжымның болуы мәселелерді шұғыл шешетін біліктілік пен тәжірибенің үлкен әлеуетін негіздеп, мамандарды дайындау және қайта дайындауды тиімді ұйымдастыруға әкедеді; үшіншіден - жоғарыда айтылған міндеттерді шешу және құқықтық қызметті көрсетуді ұйымдастыру жеңілдеп, ең алдымен барлық құқықтық қорытындылардың сабақтастығы мен келісімділігін және бірыңғай құқықтық ұстанымның болуын қамтамасыз етеді.

Нормативтік актілер қабылдайтын барлық органдардың нормативтік құқықтық актілердің жобаларына лингвистикалық сараптама жүргізіледі. Ол берілген жоба мәтінінің нормативтік құқықтық актілердің функционалдық-стилистикалық ерекшеліктерін ескере отырып бүгінгі таңдағы мемлекеттік тілдің нормалырын сәйкестігін бағалау. Жалпы бұл талаптарға сәйкес заңгер ғалымдар мынадай пікірлерін білдіреді: «должны предъявляться

высокие требования и к их стилистическому качеству, к языку законодательства» [5, 9].

Көптеген заң жобалары үкімет тарапынан әзірленетін Германия Федеративті Республикасында, сараптама «заң тілінің бірізділігі» 1949 жылдың 21 қазанынан бастап федералды әділет министрлігіне жүктеліп, ол заң жобасын құқықтық рәсімдеуді алдын-ала сараптаумен қатар жүргізіледі. Лингвистикалық сараптаманы жүргізуде ең басты рөлді нормативтік құқықтық актінің жобасының терминологиясының негізділігін бағалау атқарады [6, 45].

Нормативтік құқықтық актілердің жобаларына қатысты ғылыми сараптама басқа да арнайы сараптамалармен жүргізілгенімен оларға қарама-қарсы болмай, олардың алдында тұрып, жаңа кешенді мәселелерді шешуде ең жоғары деңгей мен кәсіби білімнің орасан зор көлемі қажет болғанда, ең күрделі жобаларға байланысты қолданылады. Ғылыми сараптама министрліктер мен агенттіктер, заң шығарушы билік тарапынан әзірленген нормативтік құқықтық актілердің жобаларына жүргізіледі. Мұндай сараптама ретінде ғылыми кеңестердің, ғылыми-тәжірибелік секциялардың, министрліктердің сараптамалық кеңестерінің талқылауына жіберілген нормативтік құқықтық актілердің жобаларының бағытын қарастыруға болады.

Арнайы сараптаманың мазмұны болашақ нормативтік құқықтық актілердің пәнін құрайтын нақты мәселелерді (экономикалық, қаржылық, ғылыми-техникалық, экологиялық, әлеуметтік және т.б.) талдаудан құралады. Осындай сараптамалардың ішінде басқа мемлекеттерде жүргізілетін криминологиялық сараптаманы атап өтуге болады. Осындай сипаттағы институционализацияның қажеттілігіне қарамастан бұл сараптама заңдық негізде реттелмеген. Ол қылмысты болдырмау, оның алдын-алу, қылмыстық заңнаманы орындау, амнистия жариялау тәрізді мәселелерге қатысты қылмыстық заңнаманың жобаларына тиісті жүргізідлуі мүмкін.

Осы орайда Беларусь Республикасының тәжірибесін талдап, оның оң жақтарына назар аударуға болады. Беларусь Республикасында криминологиялық сараптама белгілі салалардағы қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған мынадай нормативтік құқықтық актілердің жобаларына жүргізіледі: қаржылық-экономикалық, мемлекеттік қызмет, сот және құқыққорғау қызметі, әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, білім, қоршаған ортаны қорғау

және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану [7, 69].

Билік пен қоғам арасында тиімді келісуді қазіргі заманғы тетіктер арқылы жаңа нысанда ұйымдастыру қоғамдағы маңызды мәселелерді шешуге мүмкіндік тудырып, қабылданатын нормативтік құқықтық актілердің сапасын жақсартып, нәтижесінде бүкіл мемлекеттің жаңғыруына әкеледі. Бұл жерде мәселе үлкен қоғамдық бағытта, заңнаманың адами өлшенуінде. Мұндай бағытты қамтамасыз ету үшін нормативтік құқықтық актілердің жобаларына қоғамдық сараптама жүргізу қажет. Бұл сараптаманың маңыздылығын қазіргі заманда қоғамдық сараптама мәселесін заң ғылымы, әсіресе мемлекет және құқық, конституциялық құқық өкілдері ғана емес, басқа да қоғамылық ғылымдар, олардың ішінде әлеуметтанушылар мен саясаттанушыларды атауымызға болады [8].

Бұл сараптаманың институционализациясы әлі бекімеген. Қазақстан Республикасы Парламентінде Қоғамдық кеңес негізделіп жұмыс істеді, бірақ бұл кеңестің құзіретінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларына қоғамдық сараптама жүргізу болған жоқ. Қоғамдық Кеңес бұзылған құқықтарды қалпына келтіру, олардың бұзылуына жол бермеу, тиісті мемлекеттік органдарға адам және азаматтардың құқықтарының қатысты сұраныс жіберумен ғана шектелді. Нормативтік құқықтық актілердің мониторингісі қоғамдық қатынастардың барлық субъектілері, соның ішінде азаматтық қоғам институттарының келісімінің коммуникативті негізін құрайды. Жалпы қоғамдық сараптама жүргізудің қажеттілігіне ол мәселені зерттеуші заңгер-ғалымдар мынадай баға береді: «Эффективность мер по совершенствованию законодательства во многом зависит от результатов общественной экспертизы. Корректировка организации законодательного процесса в целях привлечения к нему общественности позволяет совершенствовать инструменты представительной власти, обеспечить соблюдение прав граждан» [9, 20].

Біздің мемлекетте қоғамдық сараптама жүргізудің бастамасы ретінде «Атамекен» Кәсіпкерлердің ұлттық палатасының тәуелсіз сараптама жүргізуін атауымызға болады. Бұл ұйым экономика, сыртқы экономикалық байланыстар, коммерциялық және коммерциялық емес мекемелердің, кәсіпкерлердің мүдделеріне қатысты құқықтық актілерге тәуелсіз сараптама жүргізіп отырады. «Атамекен» Кәсіпкерлердің

ұлттық палатасы кәсіпкерлердің мүддесін қорғайтындықтан құқықтық қатынастардың басқа да субъектілеріне қатысты белгілі шектер қойылған. Сонымен қоғамдық сараптаманың басты белгісі оның осындай сараптаманы жүргізу құқығы кіммен бекітілмегеніне қарамастан тек қоғамдық ұйымдар тарапынан жүргізілуінде.

Осы орайда тағы да бір назар аударатын мәселе, сараптама мен нормативтік құқықтық актілердің мониторингісіне сәйкестігі, сонымен қатар нормативтік құқықтық актілердің мониторингтік сараптама атауын қолдану мүмкіндігі. Сараптамалық қызметті талдау оны жүргізу нормативтік құқықтық актілердің мониторингісімен органикалық байланыста өткізілетінін көрсетті. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларының негіздемесі осы жоба қабылданатын белгілі салдағы қоғамдық қатынастардың дамуына ықпал ететін, экономикалық, әлеуметтік-саяси, құқықтық және басқа да факторлардың өтемдік ескеру қажеттігін талап етеді. Біздің ойымызша нормативтік құқықтық актілердің жобаларының кез-келген сараптамалық бағалануы, ол оның алдын-ала мониторингтік талдауы және экономикалық, әлеуметтік, саяси, басқару және басқа да аспектілерді ескеріп іске қосылған басқа да құқықтық тетіктермен байланысы мен тәуелділігі болып табылады. Нормативтік құқықтық актілердің мониторингісін жүргізу қызметі, біздің ойымызша құқықшығармашылығындағы сараптамалық жұмысты ретке келтіруге қабілетті. Тек қана нормативтік құқықтық актілердің мониторингісін жүргізу нәтижесінде сарапшылар нормативтік құқықтық актілердің жобаларының қорытындысын әзірлеуге қажетті маңызды тәжірибелік сауалдарға жауап бере алады, атап айтқанда:

- бұл жоба қаншалықты өзекті, ол осы саладағы қоғамдық қатынастарды реттеудегі жалпы құқықтық саясат бағытарына сәйкес келе ме, ұсынылған нормативтік реттеудің мақсаты қандай, жоба ережелері Қазақстан Республикасы Конституциясына, халықаралық құқықтың жалпы танылған және Қазақстан Республикасы халықаралық шарттары принциптеріне сәйкес пе;

- заң жобасында ондағы нормаларды жүзеге асыру механизмі бар ма, ол нақты және тиімді ме, ұсынылған нормативтік құқықтық акт (қабылданған жағдайда) өзі қарекеті арқылы заңнамада қайшылықтар тудырама, бұл нормативтік құқықтық актіні қабылдау қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қажет ете

ме, сонымен қатар кейбір актілердің күшін жоя ма (қандай актілер-көрстеу қажет);

- бұл нормативтік құқықтық актіде оның пәнін құрайтын мәселелер толық реттелген бе, дайындаған актіні қабылдағын жағдайда заңнамада ақаулар қалмай ма;

- жобада артық нормалар жоқ па, яғни оларсыз да бұл нормативтік құқықтық актінің мақсатына қол жеткізілетін, ұсынылған жобаның шығыс тетіктері қаншалықты;

- осы шығарылатын шығындар қойлған мақсаттарға сәйкес келе ме.

Осы орайда біз мониторингтік сараптаманы жан-жақты, ғылыми тәсілге негізделген, нормативтік актіні халықаралық құқықтың, ұлттық заңнаманың нормалары мен принциптеріне қайшы келмеуін, тиісті құқық саласының ғылыми критериларына сәйкестігін, оның құқықтық реттеудегі орыны мен сапасын анықтауға арналаған деп санаймыз.

Осы айтылғандарды түйіндей отырып мынадай қорытындылар жасауға болады:

1. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларына жүргізілетін ғылыми сараптаманың мақсаты дайындалған жобаны қолданыстағы заңнамамен қазақстандық заңнаманың жалпы жүйесіне қосу және олардың өзара үйлесімділігіне қатысты салыстыру. Нормативтік құқықтық актілердің мониторингтігінің методологиясын қолдану осындай салыстырмаға мүмкіндік береді.

2. Сараптама жүргізу құқықшығармашылығы процесінің негізгі кезеңі болып, мемлекеттік органдар мен басқада құқықшығармашылығы субъектілері нормативтік құқықтық актілердің барлық түрін қабылдау кезіндегі ерекше құқықтық институт болып табылады.

3. Нормативтік құқықтық актілердің мониторингтік сараптамасы нормативтік құқықтық

актілердің мониторингтігінің нормативтік құқықтық актілердің сапасын бағалауға ғана емес, заңнаманы жетілдіру бойынша негізделген ұсыныстар дайындауға бағытталған міндетті элемент болып табылады.

4. Нормативтік құқықтық актілердің мониторингтік сараптамасы жобаның құқықтық принциптерге сәйкестігін, құқықтық категориялар пайдаланудың дұрыстығы, жоспарланған шешімдердің басқа Қазақстан Республикасының басқа шет ел мемлекеттерімен жасалған шарттары мен келісімдерін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының таныған халықаралық-құқықтық актілеріне, олардың ішкі сабақтастығына қоса алғанда сәйкестігі, заңнама жүйелілігін қамтамасыз ету, акт нысаны тандаудың негіздемесі, заңдық техниканың тетіктерінің қолданылуы тиістігі, болашақ нормативтік актінің пәнін құрайтын жоба ережелерінің нақты мәселені талдаудағы отандық және шет ел ғылымының қазіргі заманғы нәтижелеріне сәйкестігін кешенді зерттеуді құрайды.

5. Заң шығарушының қазіргі заманғы құқықшығармашылығын, атқарушы билік қызметін талдау, билік органдарының құқықшығармашылық қызметін үйлестіру, мемлекеттің сараптамалық саясаты тұжырымдамасының негізгі бөлігі болып табылатын методикасын әзірлеу қажеттігі туралы қорытындыға әкеледі. Теориялық қана емес, ұсыныстар мен қорытындылар, оны жүзеге асырудың нақты жоспарларымен бекітілген мұндай тұжырымдама қабылдау, аталған сараптамалардың барлығын бір жүйеге біріктіріп, сараптаманы бір реттік шара емес, қазақстандық заңнаманы жетілдіруге бағытталған кешенді шараға айналдырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Правовые акты: антикоррупционный анализ / отв. ред. В.Н. Найденко, Ю.А.Тихомиров, Т.Я. Хабриева. - М., 2009. - 209с.

2. Стенограмма круглого стола на тему: «Практика применения и перспективы развития законодательства России, стран Восточной Европы и Азии, регламентирующего вопросы антикоррупционной экспертизы законодательных актов и их проектов». Госдума, 24-25 июня 2008 г. 250 с.

3. Поленина С.В. Качество и эффективность законодательства. - М., 1993. - 115 с. Пиголкин А.С., Рахманина Т.Н., Абрамова А.И. Законопроекты должны проходить проверку на зрелость // Журнал российского права. - 1997. - №10. - 120с.

4. Ричард Томпсон. Канадский опыт оказания услуг и возможности его адаптации к Российским условиям // Законотворчество в Канаде / Отв. ред. С.В. Кабышев (пер. с англ.). - М., 2006. - 188 с.

5. Пиголкин А.С. Язык закона. М., 1990; Власенко Н.А. Язык права. Иркутск, 1997; Губаева Т.В. Словестность в юриспруденции. Казань, 1995; Шугрина Е.С. Техника юридического письма. М., 1997; Хабибулина Н.И. Язык закона и его постижение в процессе языкового толкования права: Дисс. канд. юрид. наук. - М., 1996.
6. Головкин Р.Б., Петрова С.М., Юсипова И.В. Юридические и лингвистические основы обеспечения реализации основных прав человека. - Владимир, 2008. - 210 с..
7. Гуринович А.Г. Правовое обеспечение деятельности в Республике Беларусь // Представительная власть -XXI век: законодательство, комментарии, проблемы. 2006. №3. - 120 с.
8. Гуринович А.Г., С.А. Комаров // Представительная власть – XXI век: законодательство, комментарии, проблемы. 2005, № 6; Ивлиев П.В. Общественные палаты субъектов Российской Федерации как институты гражданского общества. Автореф. дисс. канд. юрид. наук. СПб., 2010; Новоселецкая Ю.В. Правовые аспекты осуществления общественной экспертизы Общественной палатой Российской Федерации // Российская юстиция. 2008. № 1. С. 26-28.; Захарова В.И. Общественная экспертиза законопроектов. Социологический анализ: Автореф. дис. ... канд. соц. наук. – М., 2005.; Сунгуров А.Ю. Что такое «Общественная экспертиза» и чем она отличается от «экспертизы профессиональной» // [http:// strategy-spb.ru/vtt/?do=lib&doc=612](http://strategy-spb.ru/vtt/?do=lib&doc=612); Об общественной палате Российской Федерации: Федеральный закон Российской Федерации от 4 апреля 2005 г. №32-ФЗ // СЗ РФ. 2005. № 15. Ст. 1277.
9. Мониторинг правового пространства и правоприменительной практики // Материалы IV Всероссийской научно-практической конференции. - М., 2007. – 270 с.



Мақалада құқықтық сараптаманың ең негізгі сипаттамалары, оны жүргізу мен ұйымдастырудың жалпы принциптері, оны қоғамдық сектор мен мемлекеттік билік арасындағы қарым-қатынастың негізгі формасы ретінде бекіту қажеттігі айтылады. Автор халықаралық тәжірибеге сүйеніп сараптама өткізудің әр түрлі ұйымдастырушылық және әдістемелік аспектілерін ашып көрсетеді.

Түйін сөздер: мемлекет, заң, құқық, парламент, үкімет, сараптама, мониторинг, акт, тұжырымдама, саясат.

В статье освещены важнейшие сущностные характеристики правовой экспертизы, общие принципы ее организации и проведения, определены механизмы, позволяющие институализировать ее как важную форму взаимодействия общественного сектора и государственной власти, предложены конкретные меры, необходимые для развития института правовой экспертизы. Автор, опираясь на имеющийся международный опыт, обращается к различным организационным и методическим аспектам, связанным с технологиями проведения экспертиз.

Ключевые слова: государство, закон, право парламент, правительство, экспертиза, мониторинг, акт, концепция, политика.

This article states about the basic characteristics, general principles of the examine and organization of legal expertise, its consolidation as the main form of relationship between the public sector and the government. Authors based on the international experience reveal different organizational and methodological aspects of the examine.

Keywords: state, law, right, parliament, government, expertise, monitoring, act, conception, policy.

Жамаладен Ибрагимұлы Ибрагимов,

ҚР Заңнама институты халықаралық заңнама және салыстырмалы құқықтану бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері, т.ғ.к., доцент

Еуропалық Одақ тәжірибесі ауқымында нормативтік құқықтық актілерге сараптама жүргізудің жалпы тәсілдері

Ибрагимов Жамаладен Ибрагимович,

ведущий научный сотрудник отдела международного законодательства и сравнительного правоведения Института законодательства РК, к.и.н., доцент

Общие подходы проведения экспертизы нормативных правовых актов в рамках опыта Европейского Союза

Ibragimov Zhamaladen Ibrahimovic,

Leading Research Fellow of the Department of International Legislation and Comparative Law of the Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan, c.h.s., Associate Professor

Common methods of examination of normative legal acts on the basis of experience of the European Union

